

№ 2007

3808 К

ТАҒАТҚАН РСАЕВ


Егіз бұлақ



ТАҢАТҚАН РСАЕВ

Егіз бұлақ

Зерттеулер, очерктер, сапарнама



АЛМАТЫ
енке
БАСПАСЫ

2006

ББК 84 (5 қаз)

Р 77

*Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің мемлекеттік
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Р 77 **Рсаев Т. Егіз бұлақ.** (Зерттеулер, очерктер, санарнама.) – Алматы. “Өлке”, 2006. – 240 бет.

ISBN 9965-742-57-X

Журналист Таңатқан Рсаевтың бұл жинағына бүгінгі тәуелсіз еліміздің негізіне бастау болған қос қайнар — халқымыздың бостандығы жолында қолдарына қару алып, туған жерін қорғаған ержүрек батыр бабаларымыз бен әділеттің алтын таразысын тең ұстаған асыл азаматтар тұлғасы, ел байлығын, Қазақстан деп аталатын ортақ отанымыздың көсегесін көгертіп, беделін көтеру барысында жанқиярлықпен тер төккен қарапайым еңбек адамдарының қажырлы қимылдары арқау болған.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналады.

ББК 84 (5 қаз)

Р $\frac{4702050200}{00(05) - 06}$

ISBN 9965-742-57-X

© Рсаев Т., 2006

© “Өлке” баспасы, 2006

АЛАШҚА ОЛЖА САЛҒАН АЗАМАТ

(Алғы сөз орнына)

Алашқа олжа салу! Бақыт жұлдызы көк күмбезіне көтеріліп, төрт құбылаға түгел көрінген, атақ-даңқы жер жарған аз адамның қолынан келсе келер, бірақ қарапайым пенделердің пешенесіне жазылмаған, екiнiң бiрi қол соза бермейтiн, ауқымы тым зор жүк. Сонда алашқа ғана лайықты ол қандай олжа? Алдымен соған тоқталалық.

Абай — даналығы мен ақындық өнері қазақтан асып, жалған дүние жазбай таныған жарық жұлдыздар қатарына қосылатын ұлы тұлға. Оның тереңдігі түпсіз, кеңдігі кеңістіктей шексіз мұрасын зерттеу, ақыл, білім, күш жеткенше тану және оны жалықпай, асықпай-аптықпай байсалды насихаттау ісі ғасырымыздың басында, Абайдың көзі тірісінде-ақ қолға алынған болатын. Сол алғашқы пікір айтушылардың бірі — Әлихан Бөкейханов. Оның мақаласы 1903 жылы жарық көрген “Россия. Біздің отанымыздың толық сипаттамасы” деген көп томдық кітаптың 18-томында басылды. Бұл игі істі халқымыздың танымал оқығандары, ақын-жазушылары жақсы-ақ жалғастырып, дамытқаны белгілі. Мерзімді баспасөзде, ғылыми кітаптарда Абай және оның мұрасы туралы зерттеулер оқтын-оқтын жарияланып тұрды. Солардың қатарына Міржақып Дулатовтың 1908 жылы татардың “Уақыт” газетінде жарияланған мақаласы көрнекті орын алады. Осынау шағын мақалада Жақан ақын өмірінен, оның өскен ортасы мен шығармашылық жолының негізгі қайнар көздеріне, орыстың Пушкин, Лермонтов сияқты ұлы ақындармен үндесетін тұстарына меңзейді. 1909 жылы Санкт-Петербургте Кәкітай Ысқақұлы мен Тұрағұл Абайұлы құрастырған “Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі” басылып шықты. Ұлы ақынның Кәкітай жазған тұңғыш өмірбаяндық (Абай / Ибраһим/ Құнанбайұғылының өмірі) мақаласы осында жарық көрді. Ахмет Байтұрсынов 1913 жылы “Қазақтың бас ақыны” атты мақала жазып, Абайдың қазақ әдебиеті тарихындағы тұғыры биік тұлғасын анықтады. Сол сияқты Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларында ақын өлеңдерін өте жоғары

бағалаған пікірлері сайрап жатыр. Сөйтіп, Абай шығармаларын тарату, насихаттау ісінің өрісі кеңейе түсті.

Ресейдегі Қазан таңкерісінен кейінгі жылдарда қазақ баспасөзінің біршама шапшаң дамуына байланысты Абайтану мәселесі қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясын зерттеу ғылымының күн тәртібінен өзінің лайықты орнын алды. Алғызушы Мұхтар Әуезов. “Ұлы ақын шығармаларын зерттеуді 20 жылдары Ленинград университетінде оқып жүрген жылдары-ақ қолға алған жас ғалым 1922 — 1925 жылдары Ташкенттегі, Семейдегі оқу орындарында Абай мұрасынан дәріс беріп, “Таң” журналында ақын шығармаларын жариялап, Абайдың өмірбаяны жайлы деректер мен шығармаларын толықтыра түсу жолында тынымсыз еңбек етті” /М.Мырзахметов/. “Абай шығармаларының жинағына сын” атты мақала жазып, “Еңбекші қазақ” газетінің 1925 жылғы 28 шілдедегі нөмірінде жариялаған Бейсенбай Кенжебаев ақын мұрасын зерттеуге айтарлықтай үлес қосты. “Ұлы ақын Абай” /1924/, “Абай” /1928/, “Ақын Абай және оның философиясы”, “Ақын Абайдың қазақ әдебиеті тарихында алатын орны” деген мақалалар жазған сыншы, публицист Ыдырыс Мұстамбаев ұлы ақын туралы ой-пікірді орнықтырып, нығайту ісінде елеулі еңбек сіңірді. Абайды зерттеушілер, насихаттаушылар қатары осылай жылдан-жылға толығып, көбейіп келе жатты.

Абай әлемі — кең әлем. Абай көкжиегіне қанша жақындасақ, ол кеңістік көкжиегіндей соншалықты алыстай береді екен. Тереңдігі ше? Теңіздей деу де жеткіліксіз сияқты. Өйткені сол тұңғыыққа қанша сүңгісең ол соншалық тереңіне тарта береді. Замана өзенінде жылдар ағып, ұрпақтар көші жаңарған сайын Абай мұрасы да жаңғырып, жаңа бір қырларынан көріне бастайтындай. Жүзден — жүйрік, мыңнан — тұлпарлар да, ойы бар, қаламының азды-көпті қуаты бар зиялылар да Абайды тануға, насихаттауға өз шамаларынша үлес қосуға тырысып бақты. Абай мыңдардың ақыл-ойына қозғау салып, рухани өміріміздің барлық салаларын дерлік дамытуға, қазынамызды байытуға қызмет ететін құдіретті күшке айналды. Талаптының ақылына ақыл, біліміне білім, өнеріне өнер қосатын, “түзу кел, қисық, қыңыр, қырын келмей” деп оң жолға салып отыратын ұлтымыздың ұлы ұстазы болып алды. Осынша қасиетті тұлға, кең әлемді бүгінгі ұрпаққа қалайша толығырақ таныстыруға болады? Әрине, мұны энциклопедиялық басылым ғана біршама орындай алмақ. Сондықтан да бұл мәселені академик Мұхамеджан Қаратаев бастаған тұңғыш Қазақ кеңес энциклопедияшылары жетпісінші жылдардың соңына таман көтерген еді. Сәті

кейінірек түсті. 1995 жылы ұлы ақынның 150 жылдық мерекесі қарсаңында Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы мен “Атамұра” баспалары “Абай энциклопедиясы” деген аса құнды еңбекті жарыққа шығарды.

Басылым шын мағынасында халқымыздың рухани өмір тарихындағы дәуірлік маңызы бар ірі оқиға болды. Ол Абай өлеңдеріне, қара сөздеріне жеке-жеке тоқталып, талдау жасаумен қатар Абайтану ғылымының бұрынғы-соңғы туындыларын да жинақтап, рет-ретімен түсіндіріп берді. Ақын жайында келелі пікір, кемелді зерттеулер жасаған авторлармен де таныстырды. Бір ғасыр ішінде жасалып, қордаланған мол дүние қайта жаңғырып, замана талабына сай сараланып, бүгінгі ұрпақтың қолына тиді. Көрнекті абайтанушылар, қазірде көздері тірі Қайым Мұқаметханов, Зәки Ахметов, Рәбиға Сыздықова, Мекемтас Мырзахметов, Жұмағали Ысмағұлов сияқты ғалымдар еңбектерінің бар жақсылығын жарқыратып, жұрт алдына шығарды. Дұрысында солардың қаламынан туған шығармаларды “жетектеп” әкеп, қазақ Абайтану ғылымының іргелі еңбектері қатарында барша оқырманға таныстырды.

“Абай энциклопедиясы” еліміздегі көрнекті ғалымдар ұжымының күшімен жасалған аса елеулі еңбек екені даусыз. Дей тұрсақ та, оның ыстығына күйіп, суығына тоңып, барлық жүгін көтере жүріп, дәл уақытында нысанаға жеткізген бір қаламгер-ғалым бар. Ол — біз “алашқа олжа салған азаматымыз” деп мақтанышпен айтып жүрген өзіміздің әріптесіміз — журналист Таңатқан Рсаев. Өзі қаламын қолына алып, алғаш қағаз бетіне түсірген “Абай энциклопедиясы” деген тақырыптан бастап, онда қамтылатын мәселелерді мазмұны мен түріне қарай топ-топқа бөліп, енгізілетін атаулардың сөзтізбелік жобасын жасаған, болашақ кітаптың композициялық құрылымын анықтаған да сол. Бұл жобаның үстелге отырған бойда жазыла салмағанын, оған дейін күндіз күлкіні, түнде ұйқыны бұзып, Лермонтов, Шевченко энциклопедиялары сияқты басылымдарды ерінбей-жалықпай ақтарып шығуға тура келгенін айтып жатпасақ та болады. Архивтік деректер қаншалықты анықталып, том-том ғылыми кітаптар қаншалықты парақталды десеңізші! Талқылау үстінде талай ескертулер айтылып, түзетулер жасалды. Сөзтізбеге қаншама жаңа атаулар енгізіп, қаншама ұсақтай атауларды шығарып тастауға тура келді. Таңатқан соның бәрін ойдағыдай тындырып, негізгі жұмысқа мерзімді уақытында кірісіп те кетті. Авторлар тарту, олардан түскен материалдарды оқып шығып, ой қорыту, жал-құйрығын кейде тарап, кейде күзеп дегендей, кей мақалаларды авторларға қайта жаздыру, оларға өз пікірін

айтып, бүгінгі күн тұжырымдарына сай талап қою сияқты жұмыстар, мақалаларды энциклопедиялық үлгіге түсіру, түзету, бас редактор бақылауынан өткен материалдарды қайта қарап, өндіріске жіберу, корректураны қарау сияқты бірімен бірі құйрық тіресе келіп жататын гранка, верстка, подписнойларды оқу... бәрі-бәрісі өз кезегімен Таңатқанның алдынан өтіп, баспахана цехтарына қайта бара берді. Өйткені ол “Қазақ энциклопедиясындағы” “Абай” ғылыми редакциясының меңгерушісі еді. Өйткені ол ұлы ақынның мұрасына лайықты әмбебап басылым дайындап, баспадан шығаруға міндетті болатын. Таңатқан бұл парызын адал атқарып, абыроймен орындады. Оны “алашқа олжа салған азамат” деп ардақтай атағаным да сондықтан. Алаш үшін Абайдан артық олжа бар ма!

Таңатқан бұл энциклопедияға ғалым-автор ретінде де айтарлықтай еңбек сіңірген. Санап отырсақ оған 300-ден астам, жалпы көлемі 10,7 баспатабақ мақала жазған екен. Бұл бір диссертациялық жұмыс. Және ол көбіне жүгірісі көп, архивтерге, кітапханаларға дамылсыз баруды, іздеп, тексеруді қажет ететін материалдарды жазған. Бұл редакциядан сырттағы авторлардың онша ықыласпен қолға ала қоймайтын, бейнеті көптеу жұмыс. Ал кітаптың қосымша бөлімінде берілген “Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі”, ақынның “Ұйқас сөздігі” бұған дейін қолға алынбаған, тек қана Таңатқан Рсаев атқарып шыққан елеулі жаңалық. Шынын айтсақ, бүкіл бір ғылыми институт атқаратын, көлемі де, жауапкершілігі де мол жұмыс.

Біз, әрине, екі жүзге тарта автордың қатысуымен, көлемі 120 баспатабақ болып шыққан іргелі басылымды Таңатқан жалғыз әзірледі дей алмаймыз. Құстың қанатымен ұшып, құйрығымен қонатыны сияқты оның оншақты көмекшісі болды. Дегенмен, солар әзірлеген мақалалар түгел дерлік Таңатқанның қайта редакциялауынан өткені де шындық. Және Таңатқан көмекшілерінің қатарында белгілі абайтанушылар Қайым мен Мекемтастың да болғанын ескерсек, осынау қарапайым ғалым-журналиске жүктелген міндеттің салмағы мен жауапкершілігін ұға түсетін сияқтымыз. Осыған орай “Қазақ энциклопедиясы” бас редакторының таңдауы Таңатқанға түсуінде де үлкен сыр жатқанын сеземіз.

Жасы жақында алпысқа толып, мерейтойын өткізген қаламгер ініміздің “Қазақ энциклопедиясына” келгенге дейінгі өмір жолына аз-кем тоқталған теріс болмас. Қазіргі Торғай облысының Амангелді ауданындағы Иманов атындағы кеңшарда Рсайдың Барағының от басында дүниеге келген ол 1954 жылы орта мектепті ойдағыдай бітіргеннен кейін

ҚазМУ-дың журналистика факультетіне оқуға түсті. Қаламгерлік жолын “Лениншіл жас” газетінің редакциясынан бастады. Атап өтерлік бір ерекшелігі — бозбалалық пен жігіттіктің қызығын қимай, “сен тұр, мен атайын” дейтіндей сұлулардың көңілдерін аулап, отыз жасына дейін бойдақ жүріп алды. Таңатқанның жастық шағын көрген біздер оның қандай жігіт болғанын жақсы білеміз. 1966 жылы қазіргі әже — Зүбайдасына үйленіп, “сап-сап, көңілім” деді де тоқтады. Екеуі қол ұстасып жүріп, Дархан, Думан, Дәурен есімді үш ұл, Дидар атты бір қыз тәрбиелеп өсірді. Бәрі де жоғары білімді мамандар.

Алашқа олжа салу оңай шаруа емес екендігін жоғарыда айттық. Бұл үлкен істі тындыруға ол газет-журналдар, Қазақ радиосы мен Қазақ кеңес энциклопедиясы редакцияларының қазандарында қайнап, шар болаттай суарылып келген-ді. Бірекі мысал: 28 жасында бүкіл Қазақ радиосының қазақ тіліндегі хабарлар бағдарламасының бас редакторы болды. 1964 — 1965 жылдары “Лениншіл жаста” “Құралайдың хатын талқылаймыз”, “Жәмиланың хатын талқылаймыз” деген айдарлармен “Бүгінгі қазақ қызы қандай болу керек?” “Бақыт деген не?” деген жастар үшін аса күрделі де маңызды мәселелер сөз болды. Редакцияға бұлардың әрқайсысына 700-ден астам оқырмандар хаты түскен екен. Бұл күрделі тақырыптың біреуі Жамбыл қаласындағы орта мектепте, екіншісі Алматыдағы қыздар институтында қорытындыланған. Мәселені газет бетінде көтерген де, әрқайсысына жарты жыл бойы талқылау ұйымдастырып, жеріне жеткізе қорытындылаған да Таңатқан болатын. 1970 жылы Ленгер қаласында оқып жүрген вьетнамдық жастардың өмірінен жазған тұтас бір беттік “Ортақ отау” деген очеркін одақтық “Правда” газеті арнайы атап, жоғары бағалады (15.1.1970). “Лениншіл жас” газетінің Нұра бойында Тоқтағұл су электр станциясын салып жатқан қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік елдері жастарының достық пен туысқандық ерен еңбегіне арналған 1963 жылғы 5 маусымдағы санын, “Социалистік Қазақстанның” Лениннің 100 жылдық мерекесі қарсаңында шығарылған тұтас бір санын журналист Таңатқан Рсаевтың бас мақаласына дейін өзі жазып, жалғыз әзірлегенін айтсақ асыра мақтағандық болмас. Журналистке керекті тапқырлық, шапшаңдық, өнімділік, өткірлік, шеберлік деген осындай болса керек. Бұл, әрине, әр журналистің қолынан келе бермейтін шаруа.

Абайтанушы-энциклопедияшы Таңатқан Рсаев қаламгер-публицистігімен де оқырман қауымға жақсы таныс. Оқырман қауым оның “Самал” (1977), “Жұлдызды жол” (1983), “Үндескен өмір” (1685), “Дала дауылпаздары” (2005) очерк, деректі

хикаят, зерттеу кітаптарын жылы қабылдады. Өңгіме, очерктері оншақты жинаққа енді. Аудармашы ретінде қазақ ағайындарын орыстар: В.Аксенов, В.Астафьев, Вс.Рожественский, С.Баруздин, Г.Кржижановский, В.Солоухин, М.Алексеев, канада жазушысы Фарли Моуэт, түріктер: Әзиз Несин, Орхан Кемал, моңғол С.Дамдинсурэн, поляктар: Я.Ивашкевич, В.Витковский, К.Родович, болғар П.Вежинов т.б. шетел қаламгерлерінің шығармаларымен таныстырды. “Өнер” баспасының қоржынында “Ықшам өнер тарихы” топтамасының үшінші томы “Орта ғасыр өнері”, “Жазушы баспасында” КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Н.Горбачевтің атақты “Ақ су” романының үшінші кітабы жатыр.

Сөйтсе де өкінішсіз де емес. Қаншалықты өнімді жұмыстар атқарса да еңбегі жанбай, бақыт жұлдызы жоғары көтерілмей-ақ келеді. Басқасын былай қойшы, алашқа салған олжасы — қан мен терін сіңіріп шығарған “Абай энциклопедиясы” Мемлекеттік сыйлық алған кезде жеті жылдық еңбегі еш кеткендей болып, Таңатқанның сегіз адамның ішінде жалғыз өзінің артықтау саналып, жүлдеден тыс қалғанына қалай өкінбессіз? Мен Алматыдағы зиялы қауымның осы әділетсіздікке реніш танытқанын жақсы білемін.

Еленбесе мейлі, еңбегінің жемісін Елі көргені жеткілікті емес пе!

Сапабек Әсіпов,
“Егемен Қазақстан”,
13 наурыз, 1997 ж.

Бірінші бөлім

Ел намысы — ер намысы

*Батыр болсаң — жауды қайтар,
Шаруа болсаң — малды қайтар,
Шешен болсаң — дауды қайтар.*



АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІ ^{*}

Құрметті халайық, аға-апалар, іні-қарындастар, бауырлар! “Өлі риза болмай, тірі байымайды” деген қасиетті қағиданы бала жастан бойларына сіңіріп өскен мына Сіздер мен Біздер халқымыздың ардақты ұлдарының бірі, өз заманында елі мен жерінің тәуелсіздігі үшін қолына қару алып, ерге тән қайрат көрсеткен, сол асыл мұраты жолында мерт болған, азаттық күресінің ардагері Иман бабамыздың 220 жасқа толу құрметіне арналып өткізгелі отырған ұлы тойға, батыр аруағын ардақтауға бағышталған ас беру рәсіміне жиналып отырмыз. Сіздер “Ел құрметтесе — еңбегінің жанғаны” деп, бір кезде елі үшін еңіреп өткен ердің төккен терін еселеп қайтарып, екі ғасырдан бергі ұрпақтың алғысы ретінде ата аруағын құрмет тұтып, құран оқытып отырсыздар. Сол аруаққа арнаған ниеттеріңіз адал, дұғаларыңыз қабыл болсын!

Өзінің тарихи даму жолында талай тар жол, тайғақ кешуден өтіп, “мың өліп, мың тірілген” қазақ халқы сан ғасырдан бері атадан балаға мұра болып келе жатқан қасиетті ұлан байтақ жері мен кең даланың бар бостандығын қызғыштай қорғап, ардақ тұтқан. Алып даланың бақытын да, бейнетін де бірдей көріп, перзентке тән сүйіспеншілікпен қайрат-күшін аямай, ақыл-ойын алаңсыз байлаған арда құлындай еркін еміп, жайлаудағы жағасын жимай, жайбарақат жайлаған елінің тәуелсіздігі мен бостандығын қорғау жолында бойда бар қайрат-күшін сарқа жұмсап, дұшпанына қарсы қалқан, досына жабар шапан таба білген. Егер әңгімені бізге жеткен мағұлматтары мол XVIII ғасырдан бастасақ, тарих, заман үшін қас қағым сәтке парапар осынау аз уақыттың ішінде ел жадынан өшпейтін, байтақ даланың бел-белестерінен асып, еркін ескен самал желіндей бостандыққа құмар қазақ деген халықтың іргеден сығалап, қанды шеңгелін созған жымысқы жауларға қарсы қайыспас қайсарлыққа толы, бір сәт толастамаған қаһармандық күресін көреміз. Бүгінгі егеменді ел, еркін мемлекет атанып, төрткүл дүниенің іргелі халықтарымен иық теңестіріп, терезесі тең адамдарша қатар

*Иман батырдың 220 жылдық мерекесіне арналған ғылыми конференцияда жасаған баяндама.

тұрып сөйлесе алатын күнге жетіп, азаттық алған шағымызда, жарақты жаудан жасқанбай Еділ мен Жайық аралығында дұшпан шебінде ат ойнатқан Сырым Датұлы бастаған жаужүрек жігіттерді, Исатай Тайманұлының өткір найзасына жалынды жырын қосқан Махамбет Өтемісұлына ерген ерлерді, орыс отаршыларының қазақ жерінде орнатқан бекініс-ордаларына табандатқан он жыл бойы ойран салған батыр басшы Кенесары ханның қаһарлы қолын, қазақ жерінің қос алқасының бірі атанған сұлу Сырдың бойында орыс империясының тіміскілеулері мен Хиуа хандығының жымсықы саясатына қарсы арыстанша алысқан Жанғожа Нұрмұханбетұлы бастаған азаматтардың бостандық жолындағы қанды кешулерін, әсте естен шығара алмаймыз. Бұлар ұрпаққа ұран болған, ғасырлар бойы жаңғырып, жалғаса беретін тарихта теңдесі жоқ ерен ерлік. Оның дәлелі — кешегі ХХ ғасырдың басындағы бүкіл қазақ жерін қамтыған жалпыхалықтық көтеріліс, азаттық жолындағы ақырғы айқас, патшалық Ресейдің құрыштай құрсаңған қарулы әскеріне бас имей, алға қойған мақсатын ерге тән қайсарлықпен орындап шығып, елдігімізді, ерлігімізді әлемге танытқан 1916 жылғы соғыс! Бұл соңғы шайқасқа осы отырған барлығыңыздың да ата, әкелеріңіздің қатысқаны белгілі.

Біз бүгін 220 жасқа толған торқалы тойын өткізіп отырған батыр бабамыз Иман Дулатұлы орыс отаршылдығы мен Қоқан хандығының оңтүстік аймақтардағы арандатушылықтарына қарсы аттай он жылға созылған кескілескен шайқастардың қаһарманы. Иманның арғы атасы Бегімбеттен тарайтын сегіз ұлдың үлкені Қақай, өз әкесі Дулат қалмақ-қазақ шапқыншылықтарында ел қорғап, көзге түскен батыр адамдар. Дулаттан туған тоғыз ұлдың бесеуі күлдарына қару алып, жұртына жау жолатпай, бұл әулет ел арасында “Бес батырдың ауылы” атанған. Сол бес батырдың бірі — Иман бабамыз.

Иман батырдың қоғамдық күресі мен жорықтарына баға берер алдында ол Бас батырларының бірі болған, Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалысының саяси-әлеуметтік сипатын анықтап алғанымыз жөн сияқты. Өйткені бұл кеңестік кезеңнің 40-жылдарының ақыры мен 50-жылдарының басында Қазақстан тарихнамасында үлкен қоғамдық мәні бар айтыс-тартыс тудырған күрделі мәселе болғанын білеміз. Бізден сәл бұрынырақ оқыған ағаларымыз бен апаларымыз мектептерге арналған тарих пәнінің оқулықтарында “Кенесары Қасымов — қазақ халқының көсемі және қазақ хандығын біріктіру жөніндегі күрескер” деген арнаулы тараудың болғанын ұмыта қойған жоқ шығар. Бірақ 50-жылдардың басында оқулықтардан бұл тарау алынып

тасталып, Қазақстанның жаңа тарихы түбірімен өзгертіліп қайта жазылды. Бұған не себеп болды? 1941 жылы ол кезде КСРО деп аталатын үлкен одаққа тұтқиылдан жау шауып, ел астанасы Мәскеу мен Ленинград қалаларына қауіп төнген сәтте көптеген ғалымдар мен өнер қайраткерлерінің Қазақстанға, оның ішінде Алматыға келіп паналағаны белгілі. Бұл ғалымдар ғылымның барлық саласына, өнеріміз бен әдебиетімізге белсене араласып, игі әсер етті, әжептәуір өрлеу туғызды. Сол ғұлама ғалымдардың бірі, өзі дүниеден өткенше қазақ халқына деген адалдығынан таймай, басына бұлт төнген ардақты азаматтарымызды аналық қамқорлықпен қорғап келген КСРО Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі (бұл кісі 1951 жылы академик болды) Анна Михайловна Панкратованың басшылығымен Қазақстан тарихы қайтадан електен өткізіліп, 1943 жылы “Қазақ ССР тарихы” деген күрделі еңбек баспадан шықты. Кітап жарық көргеннен кейін елеулі еңбектердің бірі ретінде сол кездегі ең жоғарғы Сталиндік сыйлыққа ұсынылды. Бірақ бұл кітапқа КСРО Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі А.И. Яковлев теріс пікір жазып, еңбекке сыйлық берілмегені былай тұрсын, кітап туралы Мәскеудің бірқатар ғалымдары арасында оған қарсы тұжырым қалыптаса бастады. Бұл жаңсақ пікірге принципті түрде келіспеген Панкратова БК(б)П Орталық Комитетіне арнайы хат жазып, еліміздің тарихына байланысты дүдәмал мәселелердің басын ашып алу мақсатымен жетекші тарихшылардың басқосуын өткізу қажеттігін ұсынды. Ғалымның табандылығының арқасында 1944 жылғы мамыр — шілде айларында кеңес мәжілісі өткізілді. Айтыстың тартыссыз болмайтыны белгілі. БК(б)П Орталық Комитетінің хатшысы А.С. Щербаков жүргізіп, А.А. Жданов, Г.М. Маленков қатысқан бұл кеңес советтік тарих ғылымының өзекті мәселелерін талқылау барысында “Қазақ ССР тарихы” жөнінде революцияға дейінгі Қазақстан тарихын кезеңдерге бөлу, елдің жекелеген мемлекеттік қайраткерлері мен ұлттық қозғалыстарға баға беру, Қазақстанның Ресейге қосылуы және оның себептерін ашып көрсету мәселелері бойынша сын-ескертпелер айтылды. Әсіресе, оның Кенесары Қасымовтың басшылығымен болған көтеріліс туралы жазылған 14-тарауы ұлтшылдықтың сарыны мұңкіп тұрған бөлім деген үзілді-кесілді пікір айтылды. Ал А.М. Панкратова, Б.Д. Греков, Н.С. Державин сияқты ғалымдар “Қазақ ССР тарихын” одақтас республиканың тарихын мейлінше терең зерделейтін алғашқы және сәтті қадам деп бағалады. Көп ұзамай БК(б)П Орталық Комитетінің органы “Большевик” журналында /1945 жылғы 6-санында/ М.Морозовтың Қазақстан тарихына байланысты

көлемді сын мақаласы жарияланды. Бұл мақала Қазақстан Коммунистік /большевиктер/ Партиясы Орталық Комитетінің осы жылғы 14 тамызда “Қазақ ССР тарихының” екінші басылымын дайындау туралы” арнайы шешім қабылдауына себеп болды. Қаулыда еңбек авторлары қазақ халқының патриархалдық-феодалдық қатынастарын әсірелеп көрсеткен, қазақ хандары мен сұлтандарының еңбекші бұқараны душар еткен аяусыз езгісі атүсті бейнеленген деген айып тағылды. Сонымен қатар, Қазақстанның өз еркімен Ресейге қосылуы “орыс патшалығының басқыншылық саясаты тұрғысынан ғана біржақты қарастырылғаны” атап көрсетілді.

1946 жылы белгілі тарихшы Е.Бекмаханов КСРО Ғылым Академиясында докторлық диссертация қорғады да, оның бұл еңбегі 1947 жылы “XIX ғасырдың 20 — 40-жылдарындағы Қазақстан” деген атпен жеке кітап болып баспадан шығарылды. Бұл еңбек Қазақстана Коммунистік /большевиктік/ Партиясы Орталық Комитетінің “Қазақ КСР Ғылым Академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателіктер туралы” /21 қаңтар, 1947 жыл/ қаулысының қабылдануымен тұстас келген еді. Біздің қаулы қабылданса соған құрбандыққа шалатын жем іздейтін әдетіміз бар емес пе. Түптеп келгенде, халқымыздың байырғы мұраларын зерттеп-тануға тыйым салған осы нұсқаудан кейін-ақ “ұлтшылдар” мен “байшылдарды” іздеу науқаны, дәлірек айтсақ, 1937 — 38 жылдардағы саяси ахуал қайта басталды. Алды халқымыздың бетке ұстар ұлы ғұламалары Мұхтар Әуезов пен Қаныш Сәтбаевтан бастап сөзге ілікті, қысым көре бастады. Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті Қ.Сәтбаевқа, Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры Т.Тәжібаевқа ұлтшылдық пиғылдағы адамдарды қолдаушылар мен жебеушілер деген айып тағылды. Ал Әуезов “Абай” романында көшпелілер тұрмысын әсірелеп көрсетіп, “революцияға дейінгі қазақ ауылын жұмақтың төріндей етіп суреттегені” үшін кінәлі болды. Тарихшы Бекмаханов Кенесары Қасымов бастаған қозғалыс тарихын біржақты ақтау тұрғысында ғана жазған деп, буржуазияшыл-ұлтшыл идеологияны дәріптеуші ретінде айыпталды. Ақыры, Қ.Сәтбаев пен М.Әуезов академиядан кетуге мәжбүр болды. Ал Е.Бекмаханов әуелі Жамбыл облысының Шу ауданына жер аударылып, 1952 жылы 2 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы Соты алқасының үкімімен 25 жылға бас бостандығынан айырылды да, алыстағы ГУЛАГ-қа жөнелтілді. Сөйтіп, “Ерікті елдердің мызғымас одағына тірек болған ұлы Русь” шет аймақтағы халықтардың царизмге, метрополияға қарсы ұлт-азаттық көтерілісін құп көрмеді, оған әділ бағасын бере алмады.

Бұл жаңсақ идеологияны жүргізушілер отарлық қанаудағы халықтардың патша үкіметінің өктемдігіне қарсы күресін орыс халқына қарсы қастандық деп түсіндіруге тырысты. Сөйтіп, Кенесары Қасымов бастаған он жылға созылған қанды айқас монархиялық-феодалдық билікті аңсаған керітартпа қозғалыс деп бағаланып, бұдан былай тарихи әдебиетте ұлтшылдық тұрғыдан баяндалды да, оған қатынасқан қазақ батырларының есімдері біржолата өшіріліп тасталды. Осы идеологияның кіндік атасы болған А.И. Яковлев жаңа оқулықтарға байланысты Халық ағарту комиссариатында 1944 жылы өткен кеңесте “орыс мектептеріне арналған қандай оқулық болса да ұлттық орыс оқулығы болуы қажет. Бұл мазмұнға тағы да 100 халықтың мүддесін ұштастыру мүмкін емес” деген қағида ұсынып, оқулықтарды КСРО тарихы бойынша емес, орыс тарихы бойынша жазу керектігіне нұсқау беріп, “орыс ұлтшылдығын” бірінші орынға қою қажеттігін танытты.

Ал біздің батыр бабамыз Иман Дулатұлының жан-тәнімен қолдап, он жыл бойы аттан түспей, қолына ақ найзасын алған жорығы тап осы “орыс ұлтшылдығына”, Ресей патшасының отаршылдық саясатына қарсы, туған жері мен елін оның араны тоймайтын ашқарақ құлқынынан қорғауды мақсат еткен болатын. Бүгінгі тарихи әдебиетте орыс патшасының қазақ жеріндегі озбырлықтары мен отаршылық саясатына қарсы Кенесары хан жүргізген бұл соғыстың тек қана бір мақсатты көздегені, қазақ жерінің тұтастығы мен бостандығын аңсағаны айқын тұжырым тапқан. Оның халқымыздың тарихындағы ұзаққа созылған, ең қуатты ұлт-азаттық көтерілісі болғаны бүгінде ешқандай күдік туғызбайды.

Кенесары көтерілісінің қазақ жерінде XVIII — XIX ғасырлардағы бұдан бұрынғы қозғалыстардан ең басты ерекшелігі — оған барлық үш жүздің ру-тайпалары қатынасып, жалпыхалықтық сипат алды және көтерілістің айқын саяси бағыты болды. Көтерілісте қол бастаған батырлардың өзінен-ақ оның жалпыхалықтық сипаты мен қанат жайған көлемі бірден көзге түседі. Олар: шұбыртпалы Ағыбай — Орта жүз, Қарқаралы аймағынан; сүйіндік Жанайдар — Орта жүз, Баянауыл аймағынан; бегімбет Иман Дулатұлы — Орта жүз, Торғай өңірінен; табын Жоламан Тіленшіұлы — Кіші жүз, Сырдария алқабынан; дулат Бұғыбай — Ұлы жүз, Жетісу өңірінен; атығай Аңғал — Орта жүз, Көкшетау бөктерінен; қыпшақ Басығара — Орта жүз, Ақмола аймағынан; арғын Жеке батыр — Орта жүз; төлек Жәуке — Орта жүз, Сарыторғай бойынан; сары Қошқар — Орта жүз, Қабырға алқабынан; дулат Сұраншы, Бәйсейіт батырлар — Ұлы жүз, Алатау баурайынан. Бұлардың әлеуметтік құрамы да әр түрлі:

Иман, Ағыбай, Бұхарбай, Жеке батыр сияқты кедейлер тобынан шыққандармен қатар Наурызбай сияқты сұлтандар, Жоламан Тіленшіұлы сияқты билер де бар. Ендеше, бұл көтерілісті біз бірыңғай билік аңсағандардың әрекеті дей алмаймыз. Көтерілісшілердің басты ұраны — тәуелсіздік, азаттық, қазақ жерінің тұтастығы!

Бұл жолда Кене хан бойына біткен табиғи елбасылық дарындылық пен кәнігі дипломатқа тән айла-шарғының барлығын жасап баққан. Бүгінге текті жиналған тарихи құжаттар оның орыс көрсе найзасын ала жүгірген ақкөз, патша шенеуніктері баяндағандай “бүлікшіл” бұзақы болмағанын дәлелдейді. Кенесары бірнеше рет сый-сияпатын жасап, орыс патшасының аузын алмақ та болған. Қаншама елшіліктер аттандырды. Сондағы бар мақсаты малын жайып жайбарақат жатқан елді соғыс өртінен сақтау, екі ел арасындағы дау-шарды бейбіт жолмен шешу, уақыт өткен сайын өрши түскен отаршылдыққа тосқауыл қою болатын. Ол Орынбор шекара комиссиясының төрағасы А.Ф. Генске жазған бір хатында: “Далаға жіберілген отрядтар 1825, 1827, 1830, 1831, 1832 және 1836 жылдары, бұдан кейін 1837 жылы екі рет, 1838 жылы төрт рет және 1840 жылы үш рет елді талан-таражға салды” деп, патшалық Ресей әскерлерінің жүгенсіздіктерін саусақпен санап тұрып көрсетіп береді. 1837 жылы көтеріліс туын көтермей тұрып, Кенесары патша үкіметін өз отаны Көкшетау мен Ақмолада бекіністер салудан бас тартуға көздерін жеткізбек те болды: “Ата-бабаларымыз мұраға қалдырған Есіл, Нұра, Ақтау, Ортау, Қарқаралы, Қазылық, Жарқайың, Обаған, Тобыл, Құсмұрын, Өлкейек, Тоғызақ өңірлерін Жайыққа дейін қазіргі патша тартып алып, бекіністер салды... Бұл біздің болашағымыз үшін ғана емес, осы күнгі тіршілігіміз үшін де аса қауіпті”, – деп жазды. Хан осындай дәйекті дәлелдерін келтіре отырып, қазақ жеріндегі барша әскери бекіністерді жоюды, еріксіз басып алған аймақтарды қайтаруды, жергілікті халықты қан қақсатып, талап, тонауды тоқтатуды үзілді-кесілді талап етті. Бірақ сонау I Петрдің тұсында-ақ “Қырғыз-қайсақ даласын Орта Азияға ашылатын алтын қақпаның күміс кілті” деп таныған Ресей үкіметі өзінің ту сыртында қаймағы бұзылмаған, Біртұтас мемлекеттің берекесін кетірмей, тәуелсіз күйде қалдыра алмайтын еді. Сондықтан да I Николай патша 1844 жылы Бөкей ордасындағы жағдайға байланысты: “Бір патшалықтың ішінде екінші патшалықтың болуы мүмкін емес!” – деген тұжырыммен өзінің отаршылдық, жаугершілік ниетін ашық білдірді. Сөйтіп, Кенесары ханға халқын бастап, қолына қару алудан басқа жол қалдырмады. Ханы халқының қамын ойлаған соң, халқы ханының соңына ерді де,

табандатқан он жылға созылған қасиетті күрес 1837 жылы басталып кетті.

Тарихшыларымыздың айтуларына, Абылай хан Орта жүздің аса қуатты арғын тайпасын, Қайып хан Кіші жүздің жауынгер шекті мен төртқара тайпаларын, ал Кенесары хан Орта жүздің ержүрек қыпшақ тайпасын тірек еткен. Батыс-Сібір генерал-губернаторы П.Д. Горчаковтың барлығын да қарудың күшімен, найзаның ұшымен шешпек болған тежеусіз жаугершілік саясатының салдарынан қарамағындағы халқы қуғын-сүргінге ұшырап, жайылымдық жері барынша тарылып қалған Кене хан 1837 жылы амалсыздан оңтүстікке қарай ығысуға мәжбүр болды. Ол, бір жағынан, өзінің демократтығымен көзге түсіп, даулы мәселелерді көп шиеленістірмей, бейбіт жолмен шешу бағытын ұстаған Орынбор губернаторы В.А. Перовскийдің салиқалы саясатынан үміт етсе, екінші жағынан, тап осы кезеңде Қазақстанның батыс аймақтарындағы жаппай өріс алған қарсылық қозғалысын пайдаланып, көтеріліс көлемін ұлғайта түсуді көздеген болатын. Міне, осы тұста Үй өзені бойын билеген Ахмет сұлтан Жантөрин патша отаршыларының айтақтауымен Торғай, Жыланшық өзендері бойын жайлаған қыпшақтарға шабуыл жасап, ел тонауға кірісті. Бұл қыспаққа төзе алмаған Иман мен Жабай батырлар қарамағындағы қолдарымен 1838 жылы Кенесары әскерлеріне келіп қосылған. Кене ханның қыпшақ тайпасына арқа сүйеп, көтерілісшілер күшінің негізгі күші еткені де Иманның осы келуімен байланысты болса керек. Осыдан кейін-ақ хан бастаған қолдың адам күші де, негізгі материалдық базасы да Торғай, Ырғыз бойын жайлаған қыпшақтар болғаны дау туғызбайды.

Батыр бабамыздың Кене хан қолына осы кезеңде қосылғаны туралы белгілі халық ақыны Омар Шипиннің 1942 жылы баспадан жарық көрген “Амангелді” дастанында келтіретін мағлұматтары архивтік деректі дәйектермен де дәл айғақталады. Қазақ даласындағы XIX ғасырдың орта тұсында Кенесары Қасымов бастаған ұлы көтеріліс тарихын мұқият зерттеген ғұлама ғалым, Қазақстан Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі Ермұхан Бекмаханов ағамыз елімізде әкімшіл-әміршіл биліктің қылышынан қан тамып, халықтар қақырты деген желеумен “ұлы орысшылдық” белең алған уақыттың өзінде туралығынан таймай, тарихи шындықты ашып айтқан, сол үшін өзі қуғын-сүргінге ұшыраған “Қазақстан XIX ғасырдың 20 — 40 жылдарында” деген атақты еңбегінде мынадай дерек келтіреді: “1838 жылдың басында Ақмола округтік приказынан патша қызметіндегі жансыздар Жақан Көпин мен Сасық Көпенбаев сыйлық әкелген болып, Кенесары

ставкасына кіріп, қысқы қимылдарға арнайы дайындалып жатқан қаптаған қарулы адамдардың жәйімен танысты. Олар өз мәлімдемелерінде: “Қазақтардың барлығы да қаруланған. Кенесарының қос тігуді бұйыруы мұң екен, қас қағым сәтте екі жүздей қос тігілді, бұған қоса қардан отызға тарта баспана жасалды да, солардың іші түгел қазақтарға толды. Әр қоста жетіден онға дейін адам бар. Бұл тобыр шамасы 2700 қазаққа дейін жетеді, солардың арасында қыпшақ руының басшылары Иман мен Жартыбай да бар”, – деп жазған.

Тағы да бір тапжылтпайтын дерек бар. 1837 жылдан бастап Кенесары қолының патша үкіметінің әр түрлі жазалаушы отрядтарымен үздіксіз соғыс жүргізгенін, солардың ішінде, әсіресе, Ақмола приказына жасалған шабуылдың кескілескен ұрыспен өткенін, осы айқаста көтерілісшілердің аға сұлтан Қоңырқұлжа Құдаймендин мен бекініс гарнизонының бастығы Карбышев отрядын тас-талқан етіп жеңгенін білеміз. Бұл бекініске шабуыл 1838 жылы 7 тамызда басталған. Басығара батыр қаза тапқан соң қатары сөгіліп, көтерілісшілер кейін шегіне бастаған сәтте Ағыбай, Иман, Наурызбай бастаған жасақшылар бекініске қайта шабуыл жасап, қараңғылық түсе оны басып алған. Бұл екі дерек те Иман батырдың көтеріліске оның бастапқы кезеңінде-ақ, 1837 — 38 жылдары келіп қосылғанын дәлелдейді.

Иман, әйтеуір қара көбейтіп, топ ішінде далақтап жүрген көпшіліктің бірі емес. Ол Кенесары ханның Бас батырларының бірі болған. Ханның Иманды “Боз жорға”, “Көсем көк” деп атауының өзі тегін болмаса керек. Иман көтеріліс қолбасшыларының жас жағынан ең үлкені екен. 1847 жылғы қырғыз қырғынында ол 67 жасында шаһит болғаны белгілі. Бір жағы үлкендігін сыйлаған, тапқыр ойын шешен тілмен батыл айта алатындығын, адал да өр мінезді адам екенін білетін хан келелі мәселелер сөз болатын мәжілістерін Иман келмей бастамаған. “Боз жорға” келмей мәжілістің сәні кірмейді” деп, басқа жұртқа оны күттіріп қойған. Мұның үстіне, 1841 жылы үш жүздің өкілдері өзін хан көтерген соң мемлекеттік маңызды мәселелерді шешетін Хан кеңесіне ең жақын санаған, ақыл-парасаты мен батырлығы тең Ағыбай, Шоқпар би, Сайдақ қожа, інісі Наурызбаймен бірге Иманды да мүше еткен. Осындай аса жоғары хан сенімін Иман бабамыз да өле-өлгенше ардақ тұтып, адал атқарып кеткен.

1839 жылы Кенесары қолы патша әскері қорғайтын Есіл өзенінің бойындағы Көкалажар қамалын қоршау кезінде Иман батыр шешуші қимыл танытқан. Көтерілісшілер бекініске кіре алмай, дағдарып қалған сәтте Иман өз қолымен қамалдың тұ сыртынан тұтқиылдан лап қойып, қорғаушылар шебін бұзып,

ішке кірген. Батырдың көзсіз ерлігіне риза болған Кене хан жеңістен соң сарбаздарын жинап, дүйім жұрттың алдында: “Алланың маған күші жолбарыстай, айласы түлкідей Айкеңді бергеніне шүкір!” – деп, Иман батырды бұдан кейінгі уақытта Айкең атап кеткен.

Тарихи құжаттарда сақталып, көркем әдебиеттерде баяндалған деректерден біз ақыл-парасаты мен ерлігі тең түсетін батыл да көреген қолбасшыны көреміз. Көтерілісшілер қимылдарының барынша өрлеп, Орынбор губерниясына В.А. Перовскийдің орнына генерал Обручев келген соң делебесі қозып кеткен князь П.Д. Горчаковтың қанды жорықтарына қарсылық, әсіресе, Ұлытау, Торғай, Ырғыз далаларында мейлінше күшейе түскен 1842 — 1845 жылдар аралығындағы айқастарда Наурызбай, Ағыбай, Жанайдар, Жәуке, Қошқар, Бұхарбай, Басығара, Аңғал, Жеке батырлармен бірге Иман бабамыз да ерліктің таңғажайып үлгісін көрсеткен. Бұл кезеңдегі соғыстардың бір де бірінен Иман батыр қалыс қалған жоқ десек, артық айтқандық болмас. Өйткені, соғыс қимылдары негізінен оның ата мекеніне, Торғай, Ырғыз өңірлеріне көшкен еді. Ақын атамыз О.Шипиннің қаламынан туған:

“Адырлы, Байтоқ деген қос қалаға,
Бас болып Иман батыр асыр салды...” —

деген жыр жолдары көп нәрсені аңғартса керек. Кенесары қолының Ахмет сұлтан отрядын талқан етіп, отаршылдар жетегінде жүрген 44 сұлтанды қырғынға ұшырататын 1844 жылғы 21 шілдеде Өлкейек өзенінің жоғарғы сағасындағы, тамыздың орта шенінде Екатеринин станицасын басып алатын хан жасағының күш-қуатын айқын танытқан шайқастарда Иман батырдың жау жүрек жігіттері де ерен ерлік көрсеткен.

Көтерілісшілердің қарулы қарсылығына қарамастан патшалық Ресейдің Қазақстан жерін күшпен басып алып, отарға айналдыру саясаты жылдан жылға өрши түсті. Осы мақсатпен 1845 жылы бірі — орынборлық, екіншісі — оралдық деп аталған Торғай, Ырғыз әскери бекіністері салынып, байтақ далаға қамшы үйіріп, оқ жаудырған орыс әскері бұрынғыдан да көбейіп сала берді. Әскердің соңынан дорбалары арқадап, қара шекпендерін сүйреткен орыс мұжықтары қаптады. Мұжық десе дегендей, келе ен даланы, бейне бір нағашысынан жиенқұрыққа алғандай, еркін билеп, егіске құнарлы, жайылымға жарамды деген жерлерді шетінен мұжып, кеміре бастады. Өзен бойларындағы егістік алқаптарынан, малға жайылымдық шұрайлы жерлерінен айрылған қазақ халқы

жаппай қыспаққа түсіп, өз жерінде өгейсіп, байтақ даладан таршылық көрді. Ендігі уақытта бұл төңіректегі елдің әскерлеріне тірек бола алмайтынын түсінген хан қонысын Алатау аймағына қарай ауыстыруды ойлады. Ондағы мақсаты орыстан алыстау жатқан бай елден адам жинап, күш толықтыру, Қытай мемлекетінен, Бұхар әмірлігінен әскери көмек алу болатын.

Міне, осы оңтүстікке көшу мәселесінде де Иман бабамыз хан қолының ыдырамай, мүмкіндігінше бірлігін сақтап қалуына бар күшін салған. Арнаулы ғылыми экспедициялардың архивтрінде жинақталған материалдар арасында Иман батырдың немересі Көшімбек Балықұлы мен Досан Қарабаевтың да естеліктері сақталған. Кенесары Хан кеңесін шақырып, қазіргі қалыптасқан әскери-шаруашылық жағдайға байланысты Алатауға көшу керектігін, малға жайылымдық жер туралы Ұлы жүз билеушісі Рүстем сұлтанмен келісім барын айтады. Бұл кеңеске оның мүшелерінен басқа қыпшақ Тәуке, төлек Жәуке, қарауыл Баубек, керей Қошқар, төртқара Бәйгелді мен Айгер, берді Сүгірбай батырлар да шақырылған еді. Мәселені талқылау барысында Қошқарбай батыр: “Атта жал, адамда қом жоқ, қыс ішінде қайда көшпекпіз?” – деп, наразылық білдіреді. Сол сәтте Иман батыр отырған орнынан атып тұрып: “Өмірі қолына найза ұстап, өз үйінің табалдырығынан әрі аттап көрмеген сүлесоқ халыққа көсемдік көрсетуді мойнына алған Кенесарыға қолғабыс тигізудің орнына, аз күнгі болмашы ауыртпалықты көтере алмай, қайдағы-жайдағы қиындықтарды айтып, елдің үрейін ұшырғанын, Қошқарбай, бұл сенің не қылғаның? Жерімізді жан-жағынан қаусырып, басып ала бастаған жауға қарсы күресті халық қамы емес деп кім айтыпты!” — деп дүрсе қоя береді. Осынау бір ауыз сөздің өзінен біз Иманның ханның жай ғана сойыл соғары емес, ел басына төнген саяси-өлеуметтік ахуалды көре білген, күрес мақсатын айқын түсінгендіктен де қолына қару алған, айтпақ ой-тұжырымын отты тілмен дәл жеткізе алатын, батыл да тапқыр, алған бетінен қайтпайтын қайсар қаһарман болғанын көреміз. Бұл әңгіменің шет жағасын бала кезімізде ауыл ақсақалдарынан біз де естіген едік. Олар: “Бұл сапар ханның жолы болмайды, мен бара алмаймын”, – деп, сары Қошқар батыр ермей қалған екен деп, әңгіменің аяғын жұмсартыңқырап айтатын еді. Осы мақұлдасудан көп ұзамай-ақ батыр бабамыз бастаған бегімбеттер бірінші болып жүк көтеріп, Кенесарыға ілесіп Алатауға қарай көшкен. Бұл көшке іле Тәуке, Жәуке, Төлебай батырлардың көштері қосылған.

Иман бабамыздың Ұлы жүз билеушісі Рүстем сұлтан мен

Сыпатай батыр әскерін бір түнде кері алып кеткен соң, арасына алауыздық кіріп: “Төреге ергеннің басы далада қалады деген, енді жат жерде өлер жайымыз жоқ”, – деп, қазақтың қырық батыры аттарының бастарын кері бұрған қысылтаяң сәтте де: “Жоқ, ханға берген антым бар, мен серт бұза алмаймын!” – деп, майдан шебінен шегінбей, Кенесарының қасында қалған. Иманның күші өздерінен әлдеқайда басым Орман манапқа қарсы осы соғыстағы қимылын Омар ақын:

“Қырғызға шапты сонда батыр Иман,
Ер еді елі үшін жанын қиған.
Ақсудың бекінісін талқан қылды
Атойлап, Абылайлап тұтқиылдан...” —

деп суреттейді. Кенесарының бұл соңғы соғысына Дулат бабамыздың “тоғыз қасқасы” түгел қатысқан. Осы шайқастан кейін Кекілік тауының шығыс беткейінде, қазіргі Тоқмақ қаласының маңында соғыс болған Майтөбе деген жердегі қорымда Дулаттан туған Иман, Тауық, Кейкі, Қарауыл батырлардың сүйектері қалды. Амангелдінің “Шежіре-кітабындағы” дерекке қарағанда осы соғысқа қатысқан Иманның бел баласы Бердәлі аман қалып, Андижанға барып паналаған. Амангелді оны (ұрпақтарын) қалай тауып алуға болатынын нақты көрсеткен. Елі мен жерінің қамы үшін қан майданда қаза тауып, шәһит болған ерлерге осынау барша жиналған қауымның атынан мақшарда алладан иман тілеп: “Жатқан топырақтарың торқа болсын!” – дейік. Алла алдарынан жарылқасын! Батырлар аруақтарына бәріміз басымызды иіп, тағзым етейік.

Жапан далада тыным таппай желмаясын желдіріп Жерұйықты іздеген бүкіл түркі халқының ортақ ойшылы, батагөй Қорқыт атамыз: “Жер қадірін ер білер, Ер қадірін ел білер”, – деген екен. Қазақ халқы қадірін біле тұрса да ел қамы үшін атқа мініп, шарт жүгініп топқа түскен батыр-билері мен айтулы хандарының есімдерін атай алмайтын алмағайып заман артта қалды. “Ері даңқты болса, елі антты болса – аруағы артып жүреді, жауы аяғын тартып жүреді” деген ұлы қағиданы егеменді Қазақстан халқы бүгінгі тіршілігіміз бен алдағы үмітіміздің алтын қазығындай етіп алға ұстап келеді. Еркіндіктің аз жылында қаншама ел қорғаған батырларымыз бен билеріміздің есімдері қайта жаңғырып, халық құрметіне бөленді. Елдік пен ерліктің тұғыры біреу-ақ деп түсінетін аруақ сыйлаған халқымыздың ешкімге ұқсамайтын, ешкім қайталай алмайтын осынау ұлы дәстүрі, лайым, жалғаса бергей.

Иман Дулатұлының 220 жылдығына орай батыр аруағына

ас беріп, дүбірлі той жасау арқылы Сіздер кешегіміз бен бүгінгіміз ғана емес, ертеңімізге де ерліктің сара жолын саф қалпында жалғастырып, қасиетті антымыздай болашақ ұрпаққа үлгі етіп ұсынып отырсыздар. Сіздер батырын баптаған, намысын сақтаған ел екендіктеріңізді таныттыңыздар. Ерлік ешқашан да көмескі тартпай, ұрпақтан ұрпаққа ұласып, жарық жұлдыздай жарқырап тұра бермек.

Тойларыңыз құтты болсын, ағайын!

Қыркүйек, 2000 ж.

ХАЛЫҚТАН ШЫҚҚАН ҚАҺАРМАН*

Құрметті бауырлар! Біз бүгін 130 жылдық торқалы тойын өткізіп отырған Амангелді Үдербайұлы Иманов мына сіздердің ғана емес, бүкіл қазақ халқының мақтанышына айналған, бұл даңққа туған елінің ар-намысы мен азаттығы жолындағы жан алысып, жан беріскен айқаста атқа мініп, соңына мың сан әскер ертіп, ерен ерлігімен жеткен, тарихта сирек кездесетін, азаматтық тұлғасы Алатаудай биік, атағы әлемге жайылған әйгілі батыр. Қысқа сөзбен барша қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, бүкіл болмысы мен адамгершілік қалпына, өмір бойы ұстанатын ізгі жолына нұсқа боларлық қағидалар жасап берген бабаларымыздан қалған:

“Ел күйінгенде күйінген батыр,
Ел сүйінгенде сүйінген батыр —
Ерегісте мыңға татыр” —

деген ұлағатты сөз тап осы Амангелдіге арнап айтылғандай. Ол қарапайым халықтың қалың ортасынан шығып, сол халқымен бірге күйініп, халқымен бірге сүйіне білген адам. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Әліби Тоғжанұлы Жангелдин 1923 жылы 7 наурызда жарияланған “Партияның жиырма жылдығына” деген мақаласында қапыда қаза тауып, ескерусіз қалған батырдың есімін алғаш рет атап, халқымен қайта табыстырды. “Амангелді ғасырлар бойғы құлдық бұғауының жеңіске жеткен күнде ғана сыпырылып тасталатынын, билеп-төстеушілерді сөзбен жібіте алмайтынын ол сезді және революцияның белсенді күрескерлерінің қатарына қосылып, көтерілістің алғашқы күндерінен-ақ

*А.Имановтың 130 жылдық мерекесіне арналған ғылыми конференцияда жасаған баяндама.

олардың дұшпаны болып алды. Өз пікірлестерін рухтандыра отырып, ол өмірінің ақырғы минутына дейін табанды болды”, – деп жазды.

Егер тарихи материалдарды сараптасақ Амангелді Имановтың өмірі мен қоғамдық қызметі кеңестік дәуірде аз зерттелмегенін көреміз. Бірақ сол зерттеулер әрқилы саяси және идеологиялық талаптарға байланысты неше түрлі бұралаң сүрлеулерге түсіп, батырдың азаматтық тұлғасы толық ашылмай қалғаны байқалады. 1920 — 30 жылдардағы зерттеулер кейбір мүдделі адамдардың әсерімен сонау 1916 жылғы халықтың буырқанған ыза-кегін жалау етіп бүкіл Торғай даласын дүбірлеткен ұлы қозғалысты “алаяқтар мен тонаушылардың ісі” деп бағалаған қасақана қателікті қайталады. Профессор К.В. Харламович 1926 жылы жарияланған “1916 — 1917 жылдардағы Торғай қазақ-қырғыздарының көтерілісі” деген кітабында Амангелдіні барымташы-ұры деп, көрінеу көзге беделін түсіріп, сол арқылы көтерілістің маңызын жоққа шығармақ болды. Тек көтеріліске қатысқан жүздеген сарбаздардың естеліктері мен мемлекеттік архивтерде сақталып қалған аса құнды құжаттар арқылы ғана Торғай көтерілісінің алға қойған ұлы мақсаты толық айқындалып, 1920 жылдардың ақырында оның айбынды қолбасшысы Амангелдінің қаскүнемдікпен өлтірілгендігі анықталды. 1930 жылдардағы зерттеулерде көтерілістің “біз үшін тек ғылыми емес, сонымен бірге назар аударатын аса маңызды саяси мәселе болып табылатыны” атап көрсетілді. Дегенмен, бұл жылдарда сол кезеңдегі идеологиялық талапқа сай 1916 жылғы Торғай оқиғаларын “шаруалар көтерілісі”, патша өкіметі ғана емес жалпы бай-феодалдарға қарсы таптық қозғалыс болды деп көрсетуге күш салынды. Осы мақсатпен Амангелді тулақ төсенген тақыр кедей ретінде таныстырылып, көтеріліс басшыларының бірі Әбдіғапар Жанбосынов аса ауқатты адам болғандықтан, жете зерттелмеген мағлұматтар негізінде, халық батырының қазасына жауапты адамдардың бірі ретінде айыпталып, опасыз дұшпандар қатарына қосылды. Архивтерден кейінгі табылған материалдар мен соңғы зерттеулер 1916 жылғы Торғай көтерілісі шын мәнісіндегі жалпыхалықтық қозғалыс болғанын толық дәлелдеуге мүмкіндік берді. Осы тұста біз халқымыздың ұлттық мінез-құлқы мен мақсат-мүддесін айқын танытатын ерекше бір дәстүрді көргендей боламыз. Ол — ұлттық ынтымақ, бірлік. Елімізге тұтқиылдан жау шапса немесе ұлттық тұтастығымыз бен бостандығымызға қауіп төндіретін сәт тұса, сол сияқты адамдық арымызға нұқсан келтіретін тұстарда біздің халқымыз бай, кедей деп бөлінбеген, жер-су, ішкі билік үшін

жиі-жиі бір-бірімен қырғиқабақ болып, айтысып-тартысып жүрсе де үш жүздің баласы тайпа-тайпа болып бөлінбей, жауына атойлап, ұрандасып бірге шапқан. Кешегі қазақ-қалмақ шапқыншылықтарында, қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымовтың орыс патшасының отаршылдығына қарсы табандатқан он жылға созылған қайсар соғысында халқымыз баймыз-кедейміз демей, ортақ жаумен бірге арпалысқан. 1916 жыл да тап осылай болды. Көтеріліс ханы Әбдіғапар бай болса, оның қолбасшысы Амангелді орташа дәулеті бар адам, ол белгілі мерген Кейкі кедейлер тобынан. Сол сияқты Торғай оязының он үш болысынан атқа отырған қыруар сарбазды басарған мыңбасыларының да таптық құрамы әр түрлі. Осыған сәйкес көтеріліске қатыспағандар, патша жарлығына орай әскер беруді жақтағандар арасында байлардың да, кедейлердің де болғанын теріске шығара алмаймыз.

1916 жылғы Торғай көтерілісі мен Амангелді Имановтың күрескерлік қызметін зерттеуге байланысты арнайы үш ғылыми экспедиция шығып, бүкіл көтеріліс қамтыған өңірлерді аралап, қозғалысқа қатысқан адамдардың өз ауыздарынан аса құнды деректі материалдар жиналды. 1937 жылғы Қостанай экспедициялық отряды зерттеулерінде бұрқ етіп тұтануына орыс патшасының халықтың ар-намысын аяққа басқан жарлығы себеп болған көтерілістің терең тамырларына, оның сипаты мен қозғаушы күшерін анықтауға алғаш рет әрекет жасалды. Осы уақыттан бастап А.Иманов көтеріліс көсемі ретінде танылды. Тіпті оған азамат соғысының көсемі деген де артықтау пікір айтылды. Олай дейтініміз — белгілі мемлекет қайраткері, Торғайдағы оқиғалардың тікелей куәгері Бәймен Алмановтың айтуынша Торғайда 1918 жылдың орта шенінде земство басқармасы таратылған да, революциялық комитет ұйымдастырылған. Амангелді тап осы күндері соғыс комиссары болып тағайындалған. Ал оның 1919 жылы 18 майда өлтірілгені тарихи анықталған шындық. Бес айдың ішінде Амангелдінің аймақта жергілікті кеңестерді ұйымдастыруға ат салысуы, әскери отряд құруы әбден мүмкін. Бірақ ол азамат соғысына араласты, қарулы отряд пен ақ гвардияшыларға қарсы соғысты деген деректі еш жерден кездестіре алмаймыз. Бұл экспедицияның қамтыған аумағы тым тапшылау болғандықтан жиналған материалдар мен қорытындылар Торғай шегінен аспай қалды. 1943 жылғы ғылыми экспедиция Қостанай облысымен қатар Қарағанды облысының Жезқазған, Ұлытау аудандарында, батырдың туған жері Терісбұтақта жұмыс істеді. Бұл экспедиция зерттеулерінің қорытындысында Амангелдінің саяси қайраткер ретіндегі қызметіне, көтерілістің ұлттық сипатын